



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

РУНИКА АЛФАВИТИ: ТАРИХЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

Келесбекова Алина Фархатқызы

a.kelesbekova@mail.ru

Құрбанбай Ақерке Ғаниқызы

akerke011@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Түркітану кафедрасының студенттері, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – доктор PhD, доцент А.Б.Шалдарбекова

Ежелгі адамдар айтар ой-пікірін, басқа адамға хабарлап айтқысы келген сөзін, мағлұматын тастарға, ағаштарға сурет салу арқылы, кейін келе таңбалар арқылы жеткізіп отырды. Қазіргі кезде қолданып жүрген қаншама алфавиттің негізі де сол ерте заманда қалыптасты. Осындай алфавиттердің бірі әрі бірегейі – руна таңбалары.

Руника алфавитін айтпастан бұрын “Руника” деп отырғанымыз не? Осы сұрақтың жауабын тауып көрейік. Ол “құпия жазу”, “сыры ашылмаған жазу” дегенді білдіреді. Енді түркі халықтарына ортақ көне түркі руникасына тоқталсақ. Түрік елдерін ерте орта ғасырларда әлемге танытқан олардың ерлікке толы мәрт мінезі, батырлық әфсаналары мен жырлары, жазу мәдениеті, тәңіршілдік дүниетанымы, балбал тастары болды. Қашанда ұлы дала тұрғындарына тән берік және жасампаз рух бұл дәуірде өзге елдерге үлгі болды. Рухани мәдениет түрік тілінің, әдебиеттің, дүниетанымының, салт-ғұрпының Еуразиялық әлемге тарауына жол ашты. Екінші жағынан Еуразиялық құрлықтың негізгі бөлігін біріктірген алып түрік мемлекеттері, олардың берік шаруашылық-әлеуметтік негізі рухани мәдениеттің серпілісін туғызды. Оның ішінде көне түріктердің жазу мәдениетінің алатын орны ерекше. Түріктердің жазуы туралы ең алғашқы мәліметтерді қытай деректерінен кездестіре аламыз. Негізінен түрік жазуының пайда болған уақыты V ғасыр деп есептеледі. Ал нақтырақ айтқанда түріктер одан ертерек өз жазуларын кең ауқымды қолданған. Түріктер басқа мемлекеттермен қарым-қатынас жасағанда өзі жазуларын қолданғаны жайлы көптеген мәліметтер бар. Мысалға алғанда Византия императорына түрік елшісі қағанның жазған хатын алып барған. Мұны Менандр Протектор өз естелігінде көрсеткен. Жалпылама ерте орта ғасырда алғанда түріктердің төл жазуы және алфавиті болған.

Көне түркі руникасы тарих сахнасына Ұлы Түрік қағанатымен бірге келді деп ғалымдар тарапынан айтылады. Иә, бұл өте орынды. Дегенменде Ұлы Түрік қағанаты тарихқа VI ғасырда келді. Бұл деп отырғанымыз бірден алтыншы ғасырда қалыптасты дегенді білдірді. Ұлы Түрік қағанатының қалыптасуының өзі үлкен тарих. Яғни, көне түркі руникасы сонау ықылым заманнан бергі б.д.д. мыңжылдықтағы сақ дәуірінен бастау алады, бұл тұжырымға дәлел суреттер мен петроглифтар.

Түркі руникалық алфавиті жайлы айтылған ғалымдардың көптеген көзқарастарына қарамастан бұл мәселе әлі де өз шешуін таппай келеді. Енисей тастарына қашалып жасалған және жазылуы бойынша скандинавия жазуларына ұқсайтын руника жазбаларына XVII-XVIII ғ. еуропа ғалымдары көңіл аудара бастады. Белгілі ағылшын ғалымы Герард Клосон “Түркі руникалық жазуының шығуы” атты мақаласында бұл жазу VI ғасырда өмір сүрген Истеми қағанның бұйрығымен соғды және иран жазулары үлгісінде қалыптасқан болуы мүмкін деген жорамал айтады. А. Хейкель көне түркі руникасын скандинав руникасымен байланыстырады. Кейбір ғалымдар В.Томсен, В.В.Радлов, О.Доннер, П.М.Мелиоранский және т.б. түркі руналарының шығу тегін иран тілдес халықтардың арамей жазуынан болуы мүмкін деп пікір айтты. Ал, екінші бір топ ғалымдар В.А.Лившиц, С.Г.Кляшторный, А.М.Щербак түркі таңбаларын соғды жазуынан шыққан дейді. Руна жазуларының шығу тегіне байланысты Г.И.Спасский, М.А.Кастрен, Г.Вамбери, Н.А.Аристов, Н.Г.Маллицкий сынды ғалымдар түркі алфавитінің негізі түркі таңбалары, яғни жартас беттеріндегі

суреттер немесе рулық таңбаларды зерттей отырып айтылған пікір. Сонымен, ең алғаш көне түркі ескерткіштерін швед армиясының капитаны Филипп Иоганн Страленберг Енисей өзені бойынан тапты. Енисей ескерткіштерінің қай ғасырда жазылғаны белгісіз. П.Мелиоранский Енисей ескерткішін түркі тілдері жазба ескерткіштерінің ең көнесі деп есептеп, жазылған уақытын VI-VII ғасырлар болуы мүмкін десе, Л.Р.Кызласов, И.В.Кормушин, А.Н.Кононов сияқты біраз ғалымдар IX-X ғасырларда жазылған болар дейді. Бұдан кейін 1889 жылы Сібір өлкесін зерттеуші, этнограф Николай Михайлович Ядринцев Моңғолиядағы Орхон өзені бойынан белгісіз жазуы бар екі үлкен құлпытас табады. Бірі Білге хан мен екіншісі інісі Күлтегіннің құрметіне арналған ескерткіштер. Бір жағы қытай иероглифтарымен, қалған үш жағы енисейлік жазуларға ұқсас руника әріптерімен жазылған. Бұл ескерткіштер табылған жеріне орай Орхон ескерткіштері деп аталып кеткен. Н.М.Ядринцев Орхон руникалық жазбаларын тапқанда ежелгі финикия, гот, грек жазбаларынан мәлімет беретін үндіеуропалық алфавитті де кездестірген. 1893 жылы алғаш Дания ғалымы Вильгельм Томсен түркі тілінің руникалық жазуының кілтін тауып, Орхон алфавитін арамей тіліне, нақтырақ пехлевий тіліне жақындатады. Ол осы жазудың оңнан солға қарай жазылатындығын және жазбада барлығы 38 әріп, яғни таңба бар екенін анықтайды. В.Томсеннің түркі руникалық алфавитінің негізі арамей жайлы гипотезасы Орхон алфавитіндегі кейбір таңбалардың ежелгі аналогиясына құрылған. Түркі руналары пехлевий және соғды тілдеріне қарағанда ежелгі финикия-арамей әріптерімен ұқсастық көбірек. Өкінішке орай В.Томсеннің бұл теориясына сыни көзбен қарау қазіргі кезге дейін жалғасуда. Мысалға С.Г.Кляшторныйдың түркі руника жазуы Vғ. соғдылық Ганьсу мен Гаочаннан алынған деген болжамын айтуға болады.

О.Доннер В.Томсен ашқан жаңалықтан кейін Енисей мен Орхон таңбаларының арасындағы айырмашылықты түркі руникалық алфавиті дамуының көрсеткіші ретінде қарастырды. Бірақ сол уақытта Орхон-Енисей жазуы жартас пен тиын жазуларында белгілі болған кхарошти жазуының негізінде IVғ. ұйғыр, түрік, қырғыздарда пайда болғанын ешбір дәлелсіз растайды. Зерттеулердің нәтижесінде түркі руналары мен кхарошти жазуларының арасында ешбір байланыс жоқ екені анықталды.

В.Томсеннің гипотезасына қарсы шыққан орыс шығыстанушысы Н.А.Аристов А.Шифнердің гипотезасын қолдайды. Н.А.Аристов Орхон алфавитіндегі отыз сегіз таңбаның жиырма тоғызында түркі таңбаларымен сыртқы ұқсастығын табады. Кейінірек бұл гипотеза Н.Маллицкий мен А.Соколовтар тарапынан қолдауға ие болды. Орхон-Енисей жазуы жергілікті таңбалар мен басқа да идеограммалардан шыққаны туралы пікірге И.А.Батманов қосылған болатын. III-IV ғ. Кавказ жерінде қолданылған ертетүріктік руналардың шығу тегі арамей болатыны жайлы Ф.Альтхаймның гипотезасында нақты фактілер мен ұқсастықтар жоқ.

Түркі руникасының таралу аймағы мен хронологиялық мерзімі VI-X ғасырдағы ертетүркі мемлекетімен сәйкес келеді. Орталық Азияда осы уақытта дейін үш жүзге жуық ертетүріктік руникалық жазулар табылған. Орхон жазулары VIII ғасырға, Енисей мен Талас жазуларының нақты белгіленген күні жоқ. Тарих бойынша кейбір Енисей мен Талас жазулары Орхон жазуларынан үлкен. С.Е.Малов Енисей жазуларын V-Xғ, ал Талас жазуларын V-VIIIғ. жатқызады.

Соңғы отыз жыл ішінде Қазақстан жерінде де Көне түркі жазба ескерткіштерінің бар екендігі анықталды. Талас бойынан төртбұрышты тас мөр мен дөңгелек тастың жарты сынығына бедерленген руникалық ойма жазулар, Іле бойынан жартастарға қашалған руникалық жазу үш жерден табылды. Осы өңірден жүзіктегі руникалық жазу да анықталды. Сыр бойында ескі кенттердің орнынан табылған саз балшықтан күйдірілген дөңгелек алқа, құмыра сияқты ойылған руникалық жазулар белгілі болды. Ертіс өңірінен екі қола айнадағы руникалық ойма жазудың бірін А.Н.Бернштам 1948 жылы жариялады. Сондай-ақ 1985 жылы Шығыс Қазақстаннан жартасқа қашалған руникалық жазу, ал 1987 жылы бауға тағылған мөрдің табанына ойылған руникалық жазу табылды. Жайық өңірінен анықталған қола айнадағы руникалық жазу 1986 жылы жарияланды. Көне түрік жазба ескерткіштерінің

тілін зерттеп, зор үлес қосқан ғалымдар – Томсен, Радлов, П.М.Мелиоранский, В.Банг, Г.И.Рамстед, А.Габэн, С.Е.Малов, В.М.Насилов, И.А.Батманов, А.Н.Кононов, Дж.Клоусон, Т.Текин, т.б.Сол көне түркі жазба ескерткішіміздің тілі- көне руника алфавиті.Біз қазіргі кезде көне деген сөзді қолданып жүрміз.Ал сол көне сөзінің орнына руника алфавиті деп болашаққа қарасақ қалай болады?

Руниканың болашағы деген сөздің өзі қызық естіледі... Иә, шынында руниканың болашағы бар ма екен?Қазіргі таңда бәрімізге белгілі, өзекті тақырып латын әліпбиіне көшу. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық» деп айтқан еді. 1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің Президиумы латындандырылған жаңа әліпби – «Біртұтас түркі алфавитін» енгізу туралы қаулы қабылдады. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін кириллицаға ауыстырылды. 1940 жылғы 13 қарашада «Қазақ жазуын латындандырылған әліпбиден орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды. Сонау 1940 жылдан бері қазақ халқы орыс графикасын қолданып келе жатырмыз. Сол бір қателікті түзетуге, яғни латын әліпбиіне көшуге мүмкіндік туды. Дегенменде, сол латын әліпбиінің орнына ,ата бабамыздың, сонау түркі дәуірінде қолданылған өлі тілімізді қайта жаңғыртсақ қалай болады? Яғни, руниканы енгізсек... Басқа көптеген халықтарда өздерінің өлі тілдерін тірілтіп, қолданысқа енгізді. «Біз мың жыл бұрынғы алфавитін қайтадан тірілткен еврейлер сияқты өзіміздің төлтума руникалық жазу үлгімізге оралсақ, онда бүгінгі таңда дүние жүзіндегі түркі тілдес ұлт пен ұлысты біріктіретін басты қозғаушы күшке айналар едік!»- деп, белгілі түркітанушы ғалым Аманқос Мектептегі айтқан болатын. Бұл пікірге толықтай келісеміз. Себебі,руникалық алфавит қанымыздағы мыңдаған жылдық ақпаратты оятып, санада рухани төңкеріс жасайтын феномен. Өткен ғасырдағы таптық көзқарас бойынша, коммунистік идеология үстемдік құрған кеңестік дәуірде қазақ халқын, сонымен бірге туысқан қырғыз, түркімен, қарақалпақ, өзбек т.б. түркі тектес халықтарды 1917 жылғы қазан төңкерісіне дейін өз тарихында толыққанды мемлекет болмаған, тек малдың соңынан көшіп-қонып жүрген, дәстүрсіз, тамырсыз етіп көрсетуге тырысқаны белгілі.Құдіретті мемлекеттер құрған, қалалық мәдениеті гүлденген, б.з.б. V ғасырдан бастау алатын жазба мәдениеті дамыған түркі халықтарының бай тарихы мен төл мәдениеті толық, дұрыс оқытылмай, жас ұрпақтың бойына сіңірілмей келді. Ұзақ уақыт бойы еліміздің жазба мәдениеті тарихы тереңнен тарқатылмай, қазақтар үш әліпби–араб, латын, және кириллицаны жылдар бойы қолданды. Бүгіндері түркі тілдес халықтардың жазба мәдениеті тарихы ерте замандардан бастау алатындығы айқындалып,төл жазуымен жазылған ескерткіштер табылды.Сол жазуда біздің тарихымыз жатыр.Өткен ғасырлар бойы біз тек өзгенің әліпбиін қолдандық.Айталық, араб, соғды, армян-қыпшақ, латын, кирилл алфавиті, қысқасы, мұның барлығы дерлік өзгенің жазба мәдени қалыбы еді. Біздің жазба таңбамыздың белгілері әлемдік алфавит үлгісі арасынан кескіні ерекше дараланатын, симметриялық заңдылыққа негізделген, бір көргеннен виртуалды оқу әдісі арқылы ішкі мағыналық сырынан ақпарат беретін мүмкіндігі зор даналық графикалық жүйеге құрылған. Ол – руникалық алфавит. Бұл жазу таңбалары ықылым замандағы ата-баба тарихымен, ең алғашқы кішігірім мемлекеттік билік жүйесінің пішіні – рулық бірлестіктердің өсу, өріс жаю, даму эволюциясын дәл бейнелейтін бағдарламалық көп қырлы руникалық концепция, дүниенің беймәлім тылсым сырын танып-білудің даналық ілімі. Демек, бұл адамзат өркениетіне қосқан ұлттық рухани-мәдени тарту-таралғымыз.Руникалық жазу рулық таңбалардың бірлігінен тұрады. Ендеше, жалғыз қазаққа ғана емес, барша түбі бір түрік тектілерге тән.Тарихи даму барысында түрік мәдениеті тарамдалды. Өйткені адамзаттың өсу жолында түрік өз үлесі мен еншісіне лайық қасиетті жерін қорғауға ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен де, даналық іліміне

сүйеніп те географиялық аумаққа өрісін кең жайған. Осы ұлысты рухани ұйыстырып, біріктіріп тұрған құдіреті – руникалық алфавиті еді. Қазіргі таңда біздің тарихты тек XIV ғасырдан бастау алады дейді. Сонда V-VI ғасырлардағы ескерткіштеріміздегі жазу қайда қалады? Көне түркі әліпбиінде 35 әріп және дауыссыздардың тіркесін білдіретін 4 жазу таңбасы бар. 35 әріптің 4-еуі 8 дауысты дыбыстарды білдірсе, қалған 31 әріп 16 дауыссыз дыбысты белгілейді. 11 дауыссыз дыбыс жуан-жіңішке вариантты таңбалармен ажыратылады, 5 дауыссыз фонема жеке таңбалармен белгіленеді. Жазу бағыты оңнан солға қарай жазылады. Әрине, қазіргі қазақ тіліндегі бар әріптерді толық қамтымаған, бірақ жоқ әріптерге де таңба беріп қолдануымызға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Аманжолов.А.С. История и теория древнетюркского письма.– Второе издание, исправленное и дополненное. –Алматы:Мектеп, 2010,297 б.
2. Ескеева М.К. Қазақ жазуының тарихи негіздері: Оқу құралы. Астана: Еуразия ұлттық университеті, 20026, 120 б.
3. Шаймердинова Н.Г., Каиржанов А.К.Түрктануға кіріспе. – Астана, 2013.
4. Қордабаев.Т.Р. Түркология және қазақ тіл білімі. –Қарағанды мемлекеттік университетінің баспасы,1992, 144 б.

УДК 39

ОБРАЗ ДЕДЕ КОРКУТА В МИФОЛОГИИ КАЗАХОВ

Мусина Сәуле Сайлаубекқызы

sauleo93@mail.ru

Магистрант кафедры тюркологии ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – д.ф.н., профессор М.Жолдасбеков

В культурной и духовной памяти человечества есть образы, которые стали глобальными, обогатив культурный фонд человечества. Среди них мы наблюдаем Одиссея, Елена Прекрасную, Ахиллеса, Прометея, Отелло, Ромео и Джульетту, Гамлета, Дон Кихота, а так же и Фауста. Среди образов, занявших место в архетипах нашей в казахской национальной культурной истории и культурного сознания можно назвать образы Кетбуга, Сыпыра Жырау, Асан Кайгы.

Думая о человеке, оставившем свой вклад в тюркском мире, мы вспоминаем образ Деде Коркута.

Личность Деде Коркут – это образ, рассматриваемый с исторической и культурной точек зрения. Деде Коркут – уникальный человек, который занимает особое место в истории и духовной жизни всего тюркского мира, вобрав в себя весь мир эпохи тюркского периода, его когнитивно-политическое, социальное и религиозное мировоззрение. Невозможно изучать историю эпохи огуз-кипчакских и тюркских племен, обойдя образ Деде Коркута, потому что образ Коркут ата занимает особое место в устных и письменных источниках тюркских народов, распространившихся от Восточного Туркестана до Малой Азии [1, 195].

Он и живой человек, и герой фольклорных сочинений и художественных произведений. Такая личность встречается и в мировой литературе. Мы можем сравнить Деде Коркута с отцом греческого эпоса Гомера. Гомер, написавший знаменитые поэмы «Иллиада» и «Одиссея», основанные на греческих мифах, показал одноименную историю Демагога. Демагог сам является героем событий, которые он воспекает.

Изучение мотивационной близости между рождением, его творчеством и легендами о бегстве от смерти Деде Коркута, эпическими героями Гильгамеша из стихов шумеров «О все выдавшем Гильгамеше» и Деде Коркут дало много общих моментов.